

Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Жаңакүш ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 9 қазандағы № 66 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 қазанда № 5820 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 30.01.2020 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекеме басшысының 2019 жылғы 4 қазандағы №01-18/543 ұсынысы негізінде, Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Жаңакүш ауылының аумағында мүйізді ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Шыңғырлау ауданының Шыңғырлау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ж.М.Тулесов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі

Г. Жумагазиев